

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/369-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 26 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/123-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 19.03.2024 № 14/123-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.06.2023 № 4/43-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің және қосымшаның бүкіл мәтіні бойынша "қағидасы", "Қағида", "Қағидада", "Қағиданың" деген сөздері тиісінше "қағидалары", "Қағидалар", "Қағидаларда", "Қағидалардың" деген сөздерімен ауыстырылды - Шымкент қаласы мәслихатының 14.06.2023 № 4/43-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.06.2023 № 4/43-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. "Шымкент қаласы мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақта орыс тілінде өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгермейді - Шымкент қаласы мәслихатының 14.06.2023 № 4/43-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрағасы

M.Битеміров

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

F.Ташқараев

Шымкент қаласы маслихатының

29 наурыздағы 2019 жылғы

№ 47/369-6с шешіміне қосымша

Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 22.12.2022 № 24/231-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-2-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік

қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға (әрі қарай – Мемлекеттік корпорация);

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шымкент қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

4) әлеуметтік көмек – Шымкент қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

5) Ұлы Отан соғысының ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабында көрсетілген адамдар;

6) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері – Заңның 5-бабында көрсетілген адамдар;

7) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер - Заңның 6-бабында көрсетілген адамдар;

8) еңбек ардагерлері – Заңның 7-бабы 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдар;

9) жетім бала (жетім балалар) - ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

10) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығының қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мұдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мұдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мүқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

11) мереке күндер – Қазақстан Республикасында ұлттық және мемлекеттік мерекелер атап өтілетін күндер;

12) мүгедектігі бар адам – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

13) мүгедектігі бар бала – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және әлеуметтік жағынан қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

14) жасы бойынша зейнеткерлер – "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар;

15) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

16) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Шымкент қаласының аудан әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы мәслихатының 14.06.2023 № 4/43-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Әлеуметтік көмек Шымкент қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға ұсынылады.

4. Шымкент қаласының бюджеті әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

Әлеуметтік көмек "Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Әкімші) тиісті қаржы жылына, осы Қағидаларда көрсетілген мақсаттарға Шымкент қаласының бюджетінде көзделген қаражат шегінде көрсетіледі.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі

5. Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
 - 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
 - 3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
 - 4) еңбек ардагерлері;
 - 5) Заңның 8-бабында көрсетілген адамдар;
 - 6) жасы бойынша зейнеткерлер;
 - 7) мүгедектігі бар адамдар;
 - 8) мүгедектігі бар балалар;
 - 9) саяси құғын-сүргін құрбандары, саяси құғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;
 - 10) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналар (бұдан әрі-көп балалы аналар);
 - 11) жетім балалар,
 - 12) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - 13) Шымкент қаласының медициналық мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдар;
 - 14) Шымкент қаласының медициналық мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын қатерлі ісіктері бар балалар;
 - 15) медицина қызыметкерлерінің және тұрмыстық қызымет көрсету саласы қызыметкерлерінің кінәсінен жұқтырған адамның иммун тапшылығы вирусы туыннатқан (АИТВ) иммун тапшылығының синдромынан зардап шегетін адамдар, сонымен қатар иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасылар;
 - 16) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;
 - 17) табиғи зілзала немесе өрт салдарынан зардап шеккен адамдар.
- Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) жергілікті өкілді органдар ең төмен құнқоріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негізде болып табылады.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсетілетін атаулы күндер және мереке күндері, сондай-ақ әлеуметтік көмек мөлшері

6. Атаулы күндерге және мереке күндерге бір рет ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан кеңестік әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні:

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне - 36 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде;

2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға - 5 АЕК мөлшерінде;

3) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы:

осы Қағидалардың 6-тармағы 4) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Заңның 8-бабында көрсетілген адамдарға – 5 АЕК мөлшерінде;

мүгедектігі бар балаларға - 5 АЕК мөлшерінде;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға – 20 АЕК мөлшерінде;

4) 26 сәуір - Чернобыль атом электр станциясы апатының құрбандарын еске алу күні:

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына – 36 АЕК мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысқан адамдарға - 36 АЕК мөлшерінде;

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға - 36 АЕК мөлшерінде;

5) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні:

осы Қағидалардың 6-тармағы 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге – 36 АЕК мөлшерінде;

6) 9 мамыр - Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 360 АЕК мөлшерінде;

еңбек ардагерлеріне – 12 АЕК мөлшерінде;

7) 31 мамыр - Саяси қуғын-сұргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні:

осы Қағидалардың 6-тармағы 10) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда, саяси қуғын-сұргін құрбандарына, саяси қуғын-сұргіннен зардал шеккен адамдарға - 5 АЕК мөлшерінде;

8) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға – 36 АЕК мөлшерінде;

9) 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сұргіндер құрбандарын ақтау туралы" Занында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сұргін құрбандарына – 60 АЕК мөлшерінде.

Осы пункттің 1) – 9) тармақшаларында көрсетілген атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек өтініштер талап етілмей, Мемлекеттік корпорация және "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұсынған мәліметтер негізінде Әкімші қалыптастыратын және бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

4-тaraу. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек мөлшері

7. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан зардал шеккен адамдарға әлеуметтік көмектің шекті мөлшері:

тұрғын үй жойылған, бүлінген, оған елеулі зиян келтірілген жағдайда - отбасына 400 АЕК;

отбасы мүшелері қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған әрбір отбасы мүшесіне 100 АЕК құрайды.

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалады.

Осы тармақта көрсетілген әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан Әкімшіге Үлгілік қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып өтінішті ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

8. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі және көрсетуден бас тарту негіздері Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. 5 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік көмек :

1) Шымкент қаласының медициналық мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарға;

2) Шымкент қаласының медициналық мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын қатерлі ісіктері бар балаларға көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек өтініштер талап етілмей, "Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және қаланың медициналық ұйымдары ұсынған мәліметтер негізінде Әкімші қалыптастыратын және бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. 24 АЕК мөлшеріндегі ай сайынғы ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек, медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің кінәсінен жұқтырған адамның иммун тапшылығы вирусы туыннатқан (АИТВ) иммун тапшылығының синдромынан зардал шегетін адамдарға, сонымен қатар иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларға олардың денсаулығына келтірілген зиянның өтемақысы ретінде көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан Әкімшіге келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының "ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының анықтамасы.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

11. Шекті мөлшері 40 АЕК-ті құрайтын санаторийлік-курорттық емделуге жолдама беру түріндегі әлеуметтік көмек кезектілік тәртібімен, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес санаторийлік-курорттық емделу көрсетілетін мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Занында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғаларға;

жасы бойынша зейнеткерлерге ұсынылады.

Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші Әкімшіге келесі құжаттарды ұсынады:

еркін нысандағы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат;

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген № 068/е нысандағы жолдама алуға анықтама.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

12. 1,5 АЕК мөлшерінде ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек баспасөз басылымдарына жазылуға жартыжылдықта бір рет:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлеріне;

3) еңбек ардагерлеріне беріледі.

Әлеуметтік көмек өтініштер талап етілмей, Мемлекеттік корпорация ұсынған мәліметтер негізінде Әкімші қалыптастыратын және бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

13. 2 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек 80 жастан асқан жалғызлікті қарттарға беріледі.

Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе сенім білдірген тұлғаның атынан Әкімшіге келесі құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) өтініш берушінің жалғыз тұру фактісін растайтын еркін нысандағы екі күәгерді (көршілерді) көрсете отырып жасалған акт.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

14. 5 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен балаларға;

3) тірек-қымыл аппараты бұзылған жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға беріледі.

Әлеуметтік көмекті алу үшін осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өтініш берушілер Әкімшіге келесі құжаттарды ұсынады:

еркін нысандағы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат;

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген № 026/е нысанды дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларының 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (әрі қарай – мүгедектік туралы анықтама).

Жеке басын куәландыратын құжат және мүгедектік туралы анықтама салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Әлеуметтік көмекті алу үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген өтініш берушілер Әкімшіге келесі құжаттарды ұсынады:

еркін нысандағы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат;

Ұлы Отан соғысы ардагерінің күәлігі.

Жеке басын куәландыратын құжат және Ұлы Отан соғысы ардагерінің күәлігі салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Әлеуметтік көмек өтініш берушіге өтініш берген айдан кейінгі айдан бастап ай сайын көрсетіледі.

15. Әкімші өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

16. Әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, өтініш беруші осы шешімді заңнамада белгіленген тәртіппен даулауға құқылы.

5-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler

17. Ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек өтініш берушілермен көрсетілген шоттарға ақшалай қараждатты екінші деңгейдегі банктер, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы әлеуметтік көмек төлеу үшін негізде пайда болған күннен кейінгі айдың ішінде аудару жолымен көрсетіледі.

18. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Шымкент қаласының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайдарда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

19. Артық төленген сомалар ерікті немесе сот тәртібімен қайтаруға жатады.

20. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды Әкімші "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерек қорын пайдалана отырып жүргізеді.

Шымкент қаласының көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 1-қосымша

Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Шымкент қаласы мәслихатының 15.06.2021 № 6/45-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Шымкент қаласының көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтажа заматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 2-қосымша

Әмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру

АКТІСІ

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Шымкент қаласы мәслихатының 15.06.2021 № 6/45-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Шымкент қаласының көмек көрсетеу,
оның мөлшерлерін белгілеу және
мұктаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына 3-қосымша

Участелік комиссияның № _____ қорытындысы

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Шымкент қаласы мәслихатының 15.06.2021 № 6/45-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК